

Бекітілді:
«18» желтоқсан 2024 ж. №21
«GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» ЖШС
Байқаушы кеңесі отырысының хаттамасымен

№1 өзгерістер мен толықтырулармен (27.02.2025 ж. №1 Хаттама)

Занды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге микрокредит беру туралы Стандартты шарттары

1. Шарт жасасу

1.1. Осы "GoldFinMarket" Микроқаржы ұйымы" ЖШС-де МҚҰ мен Қарыз алушы арасында занды тұлғаларға және жеке кәсіпкерлерге микрокредит беру туралы Стандартты шарттар (бұдан әрі – Қосылу туралы шарт) Қосылу туралы өтініш (Микрокредит беру туралы шарт) жасасу кезінде қолдану үшін әзірленген Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабында көзделген тәртіппен, шағын, орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне арналған микрокредит беру өнімдері бойынша Микрокредит беру туралы шарттың (бұдан әрі – Қосылу туралы өтініш) үлгілік талаптарын (формулярларын) айқындайды.

1.2. Қосылу туралы шарт МҚҰ мен Қарыз алушы арасында Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы жасалады.

1.3. Қосылу туралы шарттың талаптары МҚҰ-на микрокредит алуға өтініш берген барлық Қарыз алушылар үшін бірдей және Қарыз алушы Қосылу туралы шартқа тұтастай, толық қолемде қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін, онымен Қарыз алушы сөзсіз келіседі.

Осы Қосылу туралы шарттың талаптары, Қарыз алушының таңдаған несие өніміне байланысты тараптар қол қойған Қосылу туралы өтініштің негізінде, осы Қосылу туралы шарттына толық қолемде қосылу арқылы ғана Қарыз алушы қабылдай алады.

1.4. Егер МҚҰ-да Қосылу туралы шартқа сілтеме жасай отырып, Қарыз алушы қол қойған Қосылу туралы өтініш болса, Қарыз алушы Қосылу туралы шартта өзінің қолының жоқтығына Қосылу туралы шарт оқылмағанының/түсінілмегенінің/қабылданбағанының дәлелі ретінде сілтеме жасай алмайды.

Осы Қосылу туралы шарт, оған енгізілген өзгерістер және/немесе осы Қосылу туралы шарттың өзгерілген редакциялары интернет желісіндегі МҚҰ-ның ресми веб-сайтында www.gfm.kz мекенжайы бойынша орналастырылады. МҚҰ қабылдаған, Қосылу туралы шартқа барлық қосымшалар, Қосылу туралы өтініш, Қосылу туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оларға қосылған барлық Қарыз алушылар үшін міндетті болып табылады.

2. Қосылу туралы шарттың жалпы талаптары

2.1. Қосылу туралы шарт жасалған күн Тараптардың Қосылу туралы өтінішке қол қойған күні болып табылады.

2.2. МҚҰ – «GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі («GFM МҚҰ» ЖШС), БСН: 071140021635.

2.3. Қарыз алушы – МҚҰ-мен Қосылу туралы өтініш жасасқан, микрокредит алған, алынған ақшаны, оның ішінде сыйақыны және микрокредит бойынша басқа да төлемдерді қайтару жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдайтын занды тұлға, жеке кәсіпкер, шаруа қожалығы. Қарыз алушының атаяу Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

МҚҰ және Қарыз алушы Қосылу туралы шартта/Қосылу туралы өтініште бірге

«Тараптар» деп, ал жекелей «Тарап» деп аталады. Егер мәміледе өзге көзделмесе, Қосылу туралы өтінішке Қосалқы қарыз алушы (әрі қарай мәтінде - Қосалқы қарыз алушы) қатысқан жағдайда:

1) Қосылу туралы өтініштің Қарыз алушыға қатысты талаптары, Қосалқы қарыз алушыға бірдей қолданылады.

2) Қарыз алушы және Қосалқы қарыз алушы бірлесіп «Қарыз алушы» деп аталады.

2.4. Микрокредит сомасы (микрокредит нысанасы), микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер (бар болса), Қосылу туралы өтініш негізінде МҚҰ айқындаиды.

2.5. Микрокредитті өтеу мерзімі, Қосылу туралы өтініште айқындалады.

2.6. Микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы (микрокредиттің нақты құнының) мөлшері Шарт жасалған күнгө есептеледі және Қосылу туралы өтініште айқындалады.

2.7. Микрокредитті өтеу тәсілі: біржолғы немесе бөліп, қолма – қол ақшамен МҚҰ-ның бөлімшелері кассасы арқылы не электрондық терминалдар арқылы, қолма-қол ақшасыз тәсілмен, Қосылу туралы өтініште (Микроердит беру туралы шарт) көрсетілген банк шотының деректемелеріне аудару арқылы.

Қолма-қол ақшасыз тәсілмен МҚҰ-ның банктік шоттарына аудару арқылы Қосылу туралы өтініш бойынша төлем күні, МҚҰ-ның шотына ақша түсken күn болып есептеледі. Егер ақша Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ге дейін, дүйсенбіден жұмаға дейін МҚҰ-ның шотына түссе, мереке күндерінен басқа, мұндай төлем ағымдағы күні Қарыз алушы жасаған болып есептеледі.

Егер арқылы Қосылу туралы өтініш бойынша төлем Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кейін МҚҰ-ның шотына түссе, мұндай төлем келесі жұмыс күні жасалды деп танылады.

2.8. Микрокредитті өтеу әдісі: аннуитеттік, сараланған әдіс немесе икемді өтеу әдісі, Қосылу туралы өтініште анықталады.

2.9. Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) Қосылу туралы өтініш бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) % - дан аспауға тиіс.

2.10. Қосылу туралы шарт бойынша Қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол Қосылу туралы өтініш бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Қарыз алушының берешегін өтеуге мынадай кезектілікпен жіберіледі:

- 1) МҚҰ-ның орындауды алу бойынша шығындары;
- 2) шартта айқындалған мөлшерде, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
- 3) сыйақы бойынша берешек;
- 4) негізгі қарыз бойынша берешек;
- 5) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін есептелген сыйақы;
- 6) төлемдердің ағымдағы кезеңі үшін негізгі борыштың сомасы.

2.11. Осы Қосылу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету (қамтамасыз ету бар болса) Қосылу туралы өтініште және Кепіл шартында айқындалады.

2.12. Қарыз алушы Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемелерді орындаған не тиісінше орындаған кезде МҚҰ қабылдайтын шаралар:

Осы Шартпен және қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен, микрокредит сомасын, есептелген сыйақыны, өсімпұлды, сондай-ақ МҚҰ-ға тиесілі өзге де төлемдерді мерзімінен бұрын өндіріп алуға, сондай-ақ сottan тыс және/немесе сот тәртібімен қамтамасыз етудің құнынан қанағаттандыруды алуға және/немесе үшінші тұлғалардың

қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді орындауын талап етуге және/немесе үшінші тұлғалармен жүргізіліп жатқан өндіріп алуға қосылуға және/немесе қолданыстағы заңнамамен тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен өндіріп алуға құқлы.

2.12.1. Төлем мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) Қосылу туралы шарт шенберінде МҚҰ-мен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасау мынадай талаптарды қамтиды:

1) жұмыс күні сағат 9.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде бір реттен артық емес телефонмен сөйлесу арқылы, оның ішінде МҚҰ-ның бастамасы бойынша интернет желісінде қоңырау шалу үшін қосымшаларды пайдалана отырып, өзара іс-қимыл жасау;

2) әрбір өзара іс-қимыл жасау кезінде хабарлау қамтиды:

- МҚҰ-ның атауын;

- МҚҰ-ның орналасқан жерін;

- өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), лауазымын;

- берешектің, Қосылу туралы шартта көзделген негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, айыпақының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомалары қалдығының құрылымдарын;

- Қарыз алушының Қосылу туралы шартта, Қазақстан Республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Занда (бұдан әрі – Зан) көзделген жауапкершілігі және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қосылу туралы шартта көзделген міндеттемелерді орындау немесе тиісінше орындау салдары туралы.

2.12.2. Көрсетілген шаралар шенберінде өзара іс-қимыл жасаған кезде МҚҰ келесі шектеулерді сактайды:

- Қосылу туралы шарттың 2.12.1 тармағы 1) және 2) тармақшасында көзделмеген тәсілдермен және кезеңде өзара іс-қимылды жүзеге асырмайды;

- Қосылу туралы шарттың 2.12.1 тармағы 1) және 2) тармақшасында көзделген тәсілдермен және кезеңде, сондай-ақ МҚҰ-ның атауын, оның орналасқан жерін, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын адамның тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), лауазымын хабарлаған кезде, Қосылу туралы шарт шенберінде МҚҰ-мен міндеттемелермен байланысты емес үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасамайды;

- мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыға және (немесе) оның өкіліне және (немесе) үшінші тұлғаға МҚҰ қызметкерінің шындыққа сәйкес келмейтін, анық емес тегі және (немесе) аты және (немесе) әкесінің аты (ол болған кезде), сондай-ақ жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы мәліметтерді хабарламайды;

- мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыны және (немесе) оның өкілін және (немесе) Қосылу туралы шарт шенберіндегі МҚҰ-мен міндеттемелермен байланысты үшінші тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және пайда болу негіздеріне қатысты жаңылыстырмайды;

- өзара іс-қимыл жүзеге асырылатын адамның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға не осы адамның мұдделеріне мүліктік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария етпейді.

2.13. Қосылу туралы шарттың мерзімі. Қосылу туралы шарт, Тараптар Қосылу туралы өтінішке қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы МҚҰ алдында Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

2.14. МҚҰ-ның пошталық мекенжайы: 160000, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Шаяхметов көшесі, 3/2 құрылыш.

2.16. МҚҰ-ның электрондық поштасы: info@gfm.kz;

2.17. МҚҰ-ның ресми интернет-ресурсы:: www.gfm.kz;

2.18. Қарыз алушының тіркелген жерінің не тұрғылықты жерінің мекенжайы, Қосылу туралы өтініште айқындалады.

2.19. МҚҰ Шарт бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға берген кезде

Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың Қарыз алушымен Шарт шенберіндегі өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап ету) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін талапты қамтиды.

3. Қарыз алушының құқықтары

3.1. Микрокредиттер беру Қағидаларымен, микрокредиттер беру жөніндегі МҚҰ тарифтерімен танысу.

3.2. Алынған микрокредитке Қосылу туралы өтініште белгіленген тәртіппен және талаптармен иелік ету.

3.3. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түскен жағдайда, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеуге.

3.4. МҚҰ-на Қосылу туралы өтініш бойынша берілген микрокредит сомасын мерзімінен бұрын немесе ішінара қайтаруға, микрокердитті мерзімінен бұрын немесе ішінара өтегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемеуге.

3.5. Қорсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде МҚҰ-на жазбаша жүгінуге.

3.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қосылу туралы шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

4. Қарыз алушының міндеттері

4.1. Алынған микрокредитті қайтаруға және ол бойынша Қосылу туралы өтініште белгіленген мерзімде және тәртіпте сыйақы төлеу.

4.2. Қазақстан республикасының «Микроқаржылық қызмет туралы» Занға сәйкес МҚҰ сұраған құжаттар мен ақпаратты ұсыну.

4.3. Өзі алған микрокредитті нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға. Микрокредит мақсатсыз пайдаланылған кезде Қарыз алушы МҚҰ-на микрокредитті мерзімінен бұрын қайтаруға және микрокредитті қайтару күніне Қосылу туралы өтініш бойынша есептелген пайдаланылған микрокредит бөлігіне, сыйақы төлеуге міндетті.

4.4. МҚҰ-ның бірінші талабы бойынша берілген микрокредитті пайдалануға байланысты барлық құжаттаманы, өзінің қаржылық (мұліктік) жағдайы туралы мәліметтерді беруге және МҚҰ-ның Қарыз алушыны тексеру бойынша өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына кедергі жасамауга.

4.5. Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін МҚҰ-ның жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа бермеуге.

4.6. Үшінші тұлғалар Қарыз алушының, Кепілдік берушінің, Кепілзат берушінің мүлкіне және/немесе олардың банктик шоттарына тыйым салуын және үшінші тұлғалардың Қарыз алушыға жіберген наразылықтары мен талап арыздарын қоса алғанда Қосылу туралы өтінішке қоса берілген өтеу кестесін бұзуға әкеп соғуы мүмкін барлық мән-жайлар туралы МҚҰ-на 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабарлауға.

4.7. Кепіл құжаттарына немесе Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттарға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы, сондай-ақ МҚҰ-на ұсынған тұрғылықты жерінің, жұмысының, банк деректемелерінің және басқа да деректердің өзгеруі туралы МҚҰ-на жазбаша түрде хабарлауға (телефон нөмірі; электрондық пошта).

4.8. Қосылу туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын өтеу кестесінде белгіленген мерзімдер және сомаларға сәйкес, Қосылу туралы өтінішке сәйкес берешекті өтеуге байланысты МҚҰ-на барлық төлемдерді жүзеге асыруға.

4.9. Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-мен жасалған Қосылу туралы шартта/ Қосылу туралы өтініште белгіленген өзге де талаптарды орындауға.

5. МҚҰ құқықтары

5.1. Қосылу туралы шарттың талаптарын Қарыз алушы үшін оларды жақсарту бағытында біржакты тәртіппен өзгертуге.

5.2. Қарыз алушы микрокредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді 40 (қырық) күнтізбелік күннен астам бұзған кезде микрокредит сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап етуге.

5.3. Қарыз алушының қаржылық жағдайын және микрокредитті мақсатты пайдалануын тексеруге.

5.4. Қарыз алушыдан Қосылу туралы шарт/Қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті мәліметтерді және Қарыз алушының қаржылық жағдайы туралы барлық қажетті ақпаратты сұратуға және алуға.

5.5. Қарыз алушының Қосылу туралы шарт/Қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемелерді орындау күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам кешіктірілсе, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Қосылу туралы шарт бойынша құқықты (талапты) үшінші тұлғаға беруге.

5.6. Қарыз алушыдан Қосылу туралы шартта белгіленген міндеттерді орындауды талап етуге.

5.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қосылу туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

6. МҚҰ міндеттері

6.1. Қосылу туралы Шарт бойынша МҚҰ құқығының (талап ету) үшінші тұлғаға ету талаптары (бұдан әрі - талап ету құқығын басқаға беру шарты) қамтылған Шартты жасасу кезінде, Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) хабардар етуге:

- талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға берудің жоспарланып отырғаны туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін өндеу (беру) туралы осы Қосылу туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру обьектілері арқылы хабардар етуге;

- осы Қосылу туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру обьектілері арқылы құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға Қосылу туралы шарт бойынша одан әрі төлемдерді не Қосылу туралы шарт бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруга - сервистік компанияга берілген жағдайда жүзеге асыру қажеттілігін, шарт бойынша берілген құқықтардың (талаптардың) көлемін, Қосылу туралы шарт бойынша берешектің мөлшері мен құрылымын (негізгі борышты, сыйақыны, комиссияларды, айыпақыны (айыппұлды, өсімпұлды) және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде талап ету құқықтарының (талаптарының) өтуі туралы.

6.2. Қарыз алушыны борышкерлермен байланысу үшін коллекторлық агенттіктиң атауын, орналасқан жерін, коллекторлық агенттіктиң телефон нөмірлерін көрсете отырып, Қосылу туралы шартта көзделген тәсілмен, сондай-ақ ақпараттандыру обьектілері арқылы берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге берген күні хабардар ету.

6.3. Қосылу туралы шартта көзделген тәсілмен және мерзімдерде, сондай-ақ ақпараттандыру обьектілері арқылы, бірақ кешіктірілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қарыз алушыны хабардар етуге:

- Қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемені орындаудың кешіктірілгендігі туралы және хабарламада көрсетілген құнғе мерзімі өткен берешек сомасын көрсете отырып, төлемдерді жүзеге асыру қажеттілігі туралы;

- Қарыз алушының Қосылу туралы өтініш бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы.

6.4. МҚҰ жақсарту шарттарын қолданса, Қарыз алушыға Қосылу туралы өтініштің шарттары өзгергені туралы хабарлауды.

6.5. Тараптар қол қойған Қосылу туралы өтінішке микрокредитті өтеу кестесін қоса беруді.

6.6. Заңның 7-бабының 2-тармағында белгіленген өзге де талаптар мен міндеттерді сақтауға.

7. МҚҰ үшін шектеулер

7.1. Бір жақты тәртіппен сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәртібін өзгертуге.

7.2. Микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және Қарыз алушыға төлетуге.

7.3. Қарыз алушыдан Қосылу туралы шарт бойынша борыш сомасын өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастықты көздейтін шарттар жасасуға, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес МҚҰ-ның үлестес тұлғасы болып табылатын жеке сот орындаушысымен атқарушылық құжатты орындау талаптары туралы келісім (шарт) жасасу.

7.4. Қосылу туралы өтініш бойынша микрокредит сомасын ұлғайтуға.

7.5. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуға және сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

7.6. Кез келген валюта баламасына байланысты теңгемен берілген микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуге.

7.7. Қосылу туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін атқарушылық жазба жасау туралы өтінішті Қарыз алушының Қосылу туралы өтініште көрсетілген мекенжайы бойынша нотариус қызмет ететін аумаққа сәйкес емес нотариусқа, сондай-ақ «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабының 2-тармағына және (немесе) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағына сәйкес МҚҰ-ның үлестес тұлғасы болып табылатын нотариусқа беру.

8. Міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі

8.1. Осы Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш бойынша бойынша өз міндеттемелерін орындағаны немесе тиісінше орындағаны үшін, Тараптар осы Қосылу туралы шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.2. Қарыз алушы микрокредит бойынша уақтылы төлемегені, Қосылу туралы шартты/ Қосылу туралы өтінішті жасасуға және микрокредит бойынша құжаттаманың тиісті түрде жүргізуіне қажетті мәліметтер мен құжаттардың анықтығы мен түпнұсқалығы үшін жауапты.

8.3. МҚҰ Қарыз алушыдан талап етуге құқылы, ал Қарыз алушы , Қосылу туралы шарт/Қосылу туралы өтініш бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын

орындауды (МҚҰ белгілеген мерзімде) және микрокредиттің өтелмеген қалдық сомасы мен мына төмендегі шарттардың кез-келгенін бұзғаны үшін есептелген сыйақыны толық көлемде қайтаруды міндетіне алады:

1) мәліметті жасырғанда және/немесе Қарыз алушы микрокредит беруге әсер ететін анық емес ақпаратты бергенде;

2) микрокредитті мақсатына сәйкес емес пайдаланған кезде;

3) Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі жоғалған, қайтыс болған немесе мүмкін болмаған жағдайда.

8.4. Қарыз алушы қарыз сомаларын өндіруге байланысты МҚҰ-на барлық шығындарын өтеуді міндетіне алады.

8.5. Тараптардың келіссөздері арқылы реттелмеген барлық даулар занда белгіленген тәртіппен шешіледі.

9. Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі

9.1. Қосылу туралы өтініштің талаптары, осы Қосылу туралы шартта өзгеше көзделмесе, жазбаша нысанда қосымша келісіммен ресімделетін Тараптардың өзара келісімі бойынша ғана өзгерілуге мүмкін.

9.2. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оларды төлеу мерзімінің өзгеруіне әкелетін микрокредит талаптарының өзгеруі жағдайында МҚҰ жаңа талаптарды ескерумен, микрокредитті өтеудің жаңа кестесін жасайды және қосымша келісімді Қарыз алушыға береді.

9.3. Қосылу туралы өтінішке өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың келісімі бойынша жасалады және мемлекеттік және орыс тілдерінде жазбаша түрде ресімделеді және осы Қосылу туралы шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

9.4. Қосылу туралы өтініш бойынша микрокредитті ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеуге Қарыз алушының жазбаша өтініші болған жағдайда жол беріледі және Қарыз алушыға микрокредит берілген МҚҰ бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады.

9.5. Микрокредитті мерзімінен бұрын толық өтеу МҚҰ Қарыз алушының осындай өтеу туралы өтінішін алғаннан кейін және Қосылу туралы өтініш бойынша есептелген сыйақы мен негізгі борыштың қалған сомасын кассаға немесе МҚҰ банктік шотына толық төлеген кезде жүзеге асырылған болып есептеледі.

10. Қосылу туралы шарттың басқа шарттары

10.1. Хабарлама, егер ол Қосылу туралы шартта көзделген келесі әдістердің бірімен, сондай-ақ ақпараттандыру объектілері арқылы Қарыз алушыға жіберілсе, жеткізілді деп есептеледі:

- Қосылу туралы өтініште көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;

- Қосылу туралы өтініште көрсетілген Қарыз алушының мекенжайы бойынша оның жеткізілгенін растай отырып тапсырыс хатпен;

- жеткізууді бекітуді қамтамасыз ететін басқа байланыс құралдарын пайдалану арқылы;

10.2. Қосылу туралы өтініште көрсетілген Тараптардың мекенжайлары бойынша жіберілген барлық хабарламалар тиісті мекенжай бойынша жіберілген болып есептеледі.

10.3. Осы арқылы Қарыз алушы, МҚҰ-на ұсынған нөмірлеріне, ұялы байланыс операторлары және/немесе (желідегі мессенджер) телекоммуникациялық қызметтерді өзге де жеткізушилер арқылы SMS хабарламалар жіберуге, ұялы (ұялы) телефондарға қоңырау шалуды жүзеге асыруға келісім береді және осы мәселе бойынша наразылықтар мен

дауларды алға тартпауға міндеттенеді. Қазақстан Республикасы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес Қарыз алушы Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, өзінің дербес деректерін жинауға және өндеуге келісім береді.

10.4. Қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, Қарыз алушы микрокредит беру, қызмет көрсету және өтеу немесе Қарыз алушыны негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешектің пайда болуы туралы хабардар ету мақсатында, сондай-ақ Қарыз алушыға микрокредит бойынша мерзімі өткен берешекті өтеу/микрокредиті мерзімінен бұрын қайтару қажеттілігі туралы талапты жіберу мақсатында Кепілзат берушішін/Кепілдік берушінің, Қосалықы қарыз алушының, сондай-ақ басқа тұлғалардың алдында микрокредит беру құпиясын ашуға МҚҰ-на жазбаша келісім береді.

10.5. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заннамалық актілеріне сәйкес Қарыз алушы МҚҰ-ның қызмет көрсетуі, Қарыз алушының дербес деректерін жинау және өндеу қажеттілігімен үштасатындығымен келіседі. Осыған байланысты, Қарыз алушы МҚҰ-на дербес деректерді, жинауға, өндеуге сөзсіз жазбаша келісім береді, яғни МҚҰ-на оның қызметі процесінде және/немесе шарт шенберінде туындаған (туындағының) Тараптар арасындағы азаматтық-құқықтық және өзге де қатынастар шенберінде белгілі болған немесе белгілі болатын Қарыз алушыға қатысты электронды, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште болатын барлық ақпараттарды.

Тараптар қол жеткізген келісімдерді және МҚҰ-ның "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заң талаптарын сақтаған жағдайда, Қарыз алушы дербес деректерді жинауға және өндеуге қатысты МҚҰ-на қандай да бір талаптардың болмайтынын растайды.

10.6. Қарыз алушы, МҚҰ-мен ақпаратты беру туралы шарт жасасқан кредиттік бюроға Қарыз алушы туралы ақпарат беруге, кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына кредиттік есепті беруге және кредиттік бюродан кредиттік есепті, оның ішінде болашақта келіп түсетін деректерді МҚҰ-на және ішкі істер органдарына беруге сөзсіз келісім береді.

10.7. Қолданылатын құқықпен айрықша сottылық белгіленген Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді кепіл нысанасының орналасқан жері бойынша соттар қарайды. Тараптар арасындағы барлық басқа даулар мен келіспеушіліктерді Шымкент қаласының соттары, оның ішінде қазақстандық мамандандырылған төрелік сотта шарттық сottылық үшін қолданылатын құқықта белгіленген тәртіппен қарайды.

10.8. МҚҰ мен Қарыз алушы Қосылу туралы шарт, МҚҰ пен Қарыз алушы өз мүдделерін негізге ала отырып, өзгерктің немесе жойғысы келетін қандай да бір шарттар жоқ екенін растайды, сондай-ақ Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш жасасқан кезде олардың әрқайсысы өз еркімен және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

10.9. Қарыз алушы МҚҰ микрокредиттер беру қағидаларымен танысқанын, микрокредит алғанға дейін оның шығындары туралы, Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал салдары туралы, микрокредит алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де шарттар туралы, сондай-ақ микрокредит алуға байланысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілгенін растайды.

10.10. Қосылу туралы өтінішке кез келген келісімдер мен қосымшалар олардың ажырамас бөлігін құрайды.

10.11. Қосылу туралы шартты/ Қосылу туралы өтінішті орындау кезінде Тараптар олардың талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасын басшылыққа алады.

10.11. Қосылу туралы өтініш Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан бірдей зандық құші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады және оған қол қойылады. Мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған Қосылу туралы шарттың/ Қосылу туралы өтініштің мәтінінің мағыналық мазмұнында әртүрлі оқыулар немесе қандай да бір сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, Қосылу туралы шарттың/ Қосылу туралы өтініштің орыс тілінде жасалған мәтінін басшылыққа алған жөн.

10.12. Осы Қосылу туралы шарттың/ Қосылу туралы өтініштің жарамсыз бөлігін тану олардың басқа бөліктерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

10.13. Қосылу туралы шарт/ Қосылу туралы өтініш бойынша туындастын барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе осы Қосылу туралы шартта/ Қосылу туралы өтініште көзделген тәртіппен шешіледі.

Утвержден:
Протоколом заседания Наблюдательного совета
ТОО «Микрофинансовая организация
GoldFinMarket» №21 от «18» декабря 2024 г.

с изменениями и дополнениями №1 (Протокол №1 от 27.02.2025 г.)

Стандартные условия о предоставлении микрокредита юридическим лицам и индивидуальным предпринимателям

1. Заключение Договора

1.1. Настоящие Стандартные условия о предоставлении микрокредита юридическим лицам и индивидуальным предпринимателям в ТОО «Микрофинансовая организация «GoldFinMarket» (далее – Договор о присоединении) разработаны для применения при заключения между МФО и Заемщиком Заявления о присоединении (Договор о предоставлении микрокредита) в порядке, предусмотренном статьей 389 Гражданского кодекса Республики Казахстан и определяют типовые условия (формуляры) Договора о предоставлении микрокредита (далее - Заявление о присоединении) по продуктам микрокредитования предназначенных для субъектов микропредпринимательства, малого, среднего и крупного предпринимательства.

1.2. Договор о присоединении заключается путем подписания Заявления о присоединении между МФО и Заемщиком.

1.3. Условия Договора о присоединении едины для всех Заемщиков, подавших заявление в МФО на получение микрокредита и могут быть приняты Заемщиком не иначе как путем присоединения к Договору о присоединении в целом, в полном объеме, с чем Заемщик безусловно согласен.

Условия настоящего Договора о присоединении могут быть приняты Заемщиком не иначе как путем присоединения к настоящему Договору о присоединении в полном объеме на основании подписанного Сторонами Заявления о присоединении, в зависимости от выбранного Заемщиком продукта кредитования.

1.4. Заемщик не может ссылаться на отсутствие своей подписи на Договоре о присоединении как на доказательство того, что Договор о присоединении не был им прочитан/понят/принят, если у МФО имеется Заявление о присоединении, подписанный Заемщиком с ссылкой на Договор о присоединении.

